

Сауалнама

Төменде көрсетілген сұрақтарға жауап бере отырып, келесі ақпаратты жеке параққа толтыруыңызды өтінеміз. Егер де Сіз қойылған сұрақтарға анық жауап бере алмасаңыз, себебін сәйкес сұраққа қарама-қарсы жазыңыз. «Іскерлік қабілеттері» бөлімінің сұрақтарына жауапты, өтініштің соңындағы барлық қосымшаларға сүйене, белгілей және тіркей отырып, барлық қабілеттеріңізді толығымен ашып, барынша толық жауап беруіңізді өтінеміз.

1. Өтініш беруші туралы мәліметтер:

Ұйымның ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны көрсетілген толық атауы (Акционерлік қоғам, Серіктестік және т.б.);

Өтініш беруші-ұйымның пошталық мекен-жайы (Ел, индекс, қала, көше, құрылыс, кеңсе...);

Өтініш берушінің кеңсесінің нақты орналасқан жері;

Өтініш берушінің байланыс нөмірі (Коды, нөмірі, ішкі нөмірі);

Өтініш берушінің факс нөмірі;

Өтініш берушінің банктік деректемелері;

Өтініш берушінің тіркеушілік қызметінде пайдаланылатын сайтының мекен-жайы;

Бірінші басшының электрондық поштасының мекен-жайы; Байланыс тұлғасының аты-жөні мен лауазымы;

Байланыс тұлғасының телефон нөмірі мен электрондық поштасының мекен-жайы;

2. Өтініш беруші ұйымның қызмет түрлері.

3. Домендік атауларды тіркеуді және қолдауды ұсынуға байланысты қызметтерді жүзеге асыратын қызметкерлер туралы мәліметтер.

4. Ұсынылатын құжаттардың тізбесі аккредиттеу туралы Ереженің 3.2 т-да көрсетілген.

5. Іскерлік қабілеттері.

Сіздің ағымдағы бизнес мүмкіндіктеріңізді немесе бизнес жоспарыңызды төменде көрсетілгендей етіп сыйпаттап беріңіз:

1) Ағымдағы бизнес операцияларыңызға немесе бизнес жоспарыңызға шолу жасаңыз;

2) Сіз айына екінші деңгейлі домендік атаулардың тіркеуін қандай көлемде өңдеуге жоспарлап отырсыз?

3) Айына бизнесті тіркеудің жобаланған көлемін өңдеу үшін Сізде қандай басқару, байланыс және ақпаратты өңдеу жүйелері бар (немесе игеруді жоспарлайсыз)? Көрсетуіңізді сұраймыз.

4) Домендік атаудың Тіркелушілерінің тіркеу деректерін өзгерту туралы сұраныстарын жылдам өңдеу үшін Сізде қандай басқару, байланыс және өңдеу жүйелері бар (немесе игеруді жоспарлайсыз)? Мұндай сұраныстар өңдеуге қаншалықты тез қабылданады деп болжайсыз?

5) Домендік атау Тіркелушілерінің тіркеу деректерінің сақтық көшірмесін жасауды және мұрағаттауды қамтамасыз етудегі Сіздің мүмкіндігіңіз қандай (немесе мүмкіндігіңізді қалай болжайсыз)?

- 6) Тіркелу кезеңіндегі Тіркеу бөлімімен барлық мәмілелердің, ағымдағы хат-хабарлардың және байланыстардың электрондық көшірмелерімен қамтамасыз ету үшін Сіздің мүмкіндігіңіз қандай (немесе мүмкіндігіңізді қалай болжайсыз)?
- 7) Жүйе тізілімінде қолдайтын барлық белсенді тіркеулеріңізді анықтайтын деректердің нақты уақытта (Whois жүйесіне қызмет көрсету арқылы) жалпыға қолжетімді болуы үшін мүмкіндіктеріңіз қандай (немесе мүмкіндігіңізді қалай болжайсыз)?
- 8) Сіздің бизнестен кетуіңіз немесе аккредиттелген тіркеуші ретіндегі қызыметіңіздің тоқтатылуы жағдайларында Тіркелушілердің домендік атауларының қолдауын ұзартуды қамтамасыз ету мүмкіндігіңіз қандай (немесе мүмкіндігіңізді қалай болжайсыз)?
- 9) Ақпараттық жүйенің қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі, жүйелік бұзылулардың алдын алудағы, қосылулар мен мәліметтерге араласу және басқа да жүйелік ақаулардың алдын алудағы мүмкіндігіңіз қандай (немесе мүмкіндігіңізді қалай болжайсыз)?
- 10) Тіркеу деректерін 2-тармақта көрсетілгендей көлемде толық өңдеу үшін, білікті мамандарды жеткілікті мөлшерде тартуға мүмкіндігіңіз бар ма (немесе болуы мүмкін бе)?
- 11) Сіздің бизнестен кетуіңіз немесе аккредиттелген тіркеуші ретіндегі қызыметіңіздің тоқтатылуы, Интернет арқылы атқарылатын шаруаларға кері әсерін тигізбейтіндігіне қандай кепіл бере аласыз?
- 12) Сізде коммерциялық жауапкершілікті сақтандыру бар ма? Неден сақтандырылғансыз? Қанша соммаға? Егер қазіргі таңда, сізде мұндай сақтандыру болмаса, онда сақтандыруды қандай жолмен және қанша соммаға алмақшысыз? Егер қазіргі таңда, ағымдағы сақтандыру полисіңіз бар болса, көшірмесін тіркеп қоюыңызды өтінеміз. Егер болмаған жағдайда, Сізде сақтандыру бойынша сәйкес ниетіңіз бар ма?
- 13) Тіркеуші ретіндегі бизнестік жұмысыңызды бастау үшін Сізде қаншалықты көлемде айналым капиталы бар? Өтімді капиталдың бұл деңгейі жоспарланған тіркеу көлеміне шынымен де жете ма? Айналым капитал куәлігіңіздің көшірмесін тіркеуіңізді өтінеміз (егер мүмкіндік болса, қаржылық есепшотыңыздың соңғы кезеңінің көшірмесі жеткілікті болады).
- 14) Сіз нақты және қолданыстағы домендік есімге (мысалы .registrator.kz.) немесе қандай да бір мемлекеттің жоғары деңгейлі доменіне қарасты үшінші деңгейлі доменге (мысалы “cam.ac.uk”) иесіз ба? Егер бар болған жағдайда, Сіз немесе Сіздің бөлімшелеріңіз жұмыс істейтін барлық екінші немесе үшінші деңгейлі домендік есімдерді тізімге енгізуіңізді өтінеміз.
- 15) Сіз тіркеушіні Аккредиттеу Келісімінде көрсетілген тіркеушінің барлық міндеттерін орындай аласыз ба? Егер де Сіз келтірілген міндеттемелерді толық мөлшерде орындай алмайтын болсаңыз, онда оған кедергі келтіретін себептер туралы хабарлаңыз.
- 16) Сіз өткен жылда .KZ, .ҚАЗ жоғары деңгейлі домен Әкімшісіне ішінде қателіктер, бұрмаланулар немесе жаңылыстыратын мәлімдемелер табылған аккредиттеуге өтінімді немесе аккредиттеуге өтініммен бірге жүретін құжаттарды тапсырып па едіңіз? Олай болса, қандай жағдайда.
- 17) Өтініш беруші немесе оның кез келген қызметкерлері, басқарушылары немесе менеджерлерінің ішінде:
- а) Соңғы 10 жылдықтың ішінде қаржылық қызметке қатысты қылмыстық құқық бұзушылық және алаяқтық үшін сотталғандары немесе осындай сот процесінің нысаны болғандары болды ма?
 - б) Қазіргі таңда айыптау үкімімен шешілген қандай да бір соттық талқылауларға тартылғандары, немесе а) бабына ұқсас жағдайларда болды ма?
 - с) Осы өтінімді толтыру кезінде KazNIC шешімімен біліктілігінен айыру нысаны болып табылады.
- Егер жоғарыда айтылғандар орын алса, мәліметтерді нақтылаңыз.
- 18) Сіз Тіркеу бөліміне компанияңыздың атауын және/немесе логотипін тіркеушінің аккредитациясына қатысты қоғамдық хабарландыруларда (ақпараттық веб-парақтарын қоса алғанда) пайдалануға рұқсат бересіз бе?

19) Ұйымның қызметін тоқтатуы (немесе оның домендік атаулардың Тіркеушісі ретіндегі жұмысын тоқтатуы) домендік атаулар әкімшілеріне және тіркеу жүйесінің қалыпты жұмысына зиян келтірмейтініне кепілдік қалай қамтамасыз етілуі мүмкін?

6. Жалпы техникалық мәліметтер

- 1) Ұйымның бағдарламалық-аппараттық кешенінде қолданылатын жабдықтар мен бағдарламалық құралдардың тізімі мен техникалық сипаттамаларын көрсетіңіз.
- 2) Жабдықтардың, сондай-ақ электрмен жабдықтау және байланыс жүйелерінің істен шығуы кездерінде бағдарламалық-аппараттық кешеннің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету жолдарын сипаттаңыз. Штаттан тыс жағдайларда, жабдықтың ақауы және істен шығуы кездерінде тізілім деректерін толық қалпына келтіру уақытын; ақпараттың жоғалуын болдырмайтын, деректерді қалпына келтіру әдістерін көрсетіңіз.
- 3) Тіркеушінің бағдарламалық-аппараттық кешені істен шыққан, рұқсатсыз кірген және оның салдары, төтенше жағдайлар (өрт және т.б.) болған жағдайларда ақпараттың (тіркеу деректері, жүргізілген транзакциялар) сақталуын қамтамасыз ету тәсілін; ақпаратты толық қалпына келтіру мүмкіндігін; көшіру немесе қалпына келтіру кезеңіндегі іркілістер жағдайында ақпараттың тұтастығын сақтау тәсілдерін сипаттаңыз.
- 4) Ұйымның бағдарламалық-аппараттық кешенін шабуылдардан, бұзушылықтардан, рұқсатсыз кіруден және жүйенің қалыпты жұмысын бұзудың басқа да түрлерінен қорғау әдістерін сипаттаңыз.
- 5) Пайдаланушылардың аутентификация құралдарын және олардың өкілеттіктерін анықтау тәртібін сипаттаңыз. Қолдауын ұйым жүзеге асыратын домендік атаулар туралы мәліметтерді ұсыну үшін пайдаланылуы мүмкін ұйымның ОМ8 серверлерінің санын, орналасқан жерін, атауларын және IP мекен-жайларын; олардың техникалық сипаттамаларыу көрсетіңіз.
- 6) Домендік атауларды тіркеуге байланысты ұйымның қызметіне қатысты құжаттар мұрағаттарын (электрондық және қағаз түрінде) қолдау; мұрағаттардан құжаттарды іздеу және іріктеу тәртібін сипаттаңыз.
- 7) Домендік атауларды тіркеуге байланысты қызметтерді есепке алу тәртібін сипаттаңыз. Пайдаланушыларға автоматты түрде хабарлама жіберу қандай жағдайларда қолданылатынын; пайдаланушыларды (әкімшілерді) хабарлау, оның ішінде домендік атауларды тіркеу мерзімдерінің аяқталғаны туралы хабарлау тәсілі мен тәртібін көрсетіңіз.

7. Төмендегі қол қоюшы, берілген сауалнамаларда және барлық қосымшаларда келтірілген ақпараттың құрамы шындық болып табылатындығын куәләндырды. Төмендегі қол қоюшы, Тіркеу бөліміне қосымша мәліметтер мен құжаттарды алу үшін, үшінші тұлғалармен байланысуға және берілген сауалнамада көрсетілген ақпараттарды өз бетімен тексеруге рұқсатын береді. Өтініш беруші Тіркеу бөліміне, берілген сауалнамада көрсетілген ақпараттарды тексеруге кедергі келтірмеуге міндеттенеді. Өтініш беруші берілген өтініште, талап етілгендей өтініш беруші туралы шындық ақпаратпен қамтамасыз ететін үшінші тұлғаларға наразылық білдіруден бас тартады.

_____ күні
_____ қолы
_____ орындаушы
_____ лауазымы
_____ өтініш берушінің заңды атауы

8. Барлық жауаптарыңызды осы сауалнаманың қол қойылған көшірмесіне қоса тіркеуіңізді өтінеміз. Толтырылған құжаттарды почта немесе шабарман арқылы тікелей, жоғары деңгейлі домендердің Әкімшілігіне, ал электрондық нұсқасын – Тіркеу бөліміне келесі мекен-жайлар бойынша жіберу керек:

Жоғары деңгейлі домендердің Әкімшілігінің мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, индекс 010001, Астана қ., Алматы көшесі, 1, № 208 кеңсе, т. +7-7172-925552, +7-7172-925411, info@itk.kz

"Қазақ торап ақпарат орталығы" мекемесі info@nic.kz